

Хобда ауданының Қобда ауылдық округін құру туралы

Ақтөбе облыстық мәслихаттың үшінші сессиясы мен облыс әкімінің 2000 жылғы 23 ақпандағы N 4 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет басқармасында 2000 жылғы 25 сәуірде N 480 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша орыс тілінде "аульного", "аульный", "аул" сөздері "сельского", "сельский", "село" сөздермен ауыстырылды, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 Заңы 11 бабының 3) тармақшасына сәйкес жасалған Хобда ауданының өкілді және атқарушы органдарының ұсынысы негізінде облыстық мәслихат пен облыс әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Әкімшілік орталығы Қобда ауылы Қобда ауылдық округі құрылсын, сызба-картаға сәйкес оның құрамына елді мекендер мен жалпы көлемі 6783 гектар аумақ кіргізілсін.

Ескерту. 1 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қайтадан құрылған Қобда ауылдық округін ұстау шығыны 2000 жылғы аудан әкімі аппаратының аудан орталығын дамыту бөлімін ұстауға қаралған лимит көлемінде жүргізілсін.

3. Облыстық статистика басқармасы (А.Д. Мұқаев) облыстық әкімшілік аумақтық бірліктердің есептік мәліметтеріне тиісті өзгерістер енгізсін.

4. Облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (М.Н. Жекеев) ауданның әкімшілік-аумақтық құрылымына енгізілген өзгерістерге сәйкес жер-кадастр құжаттарын тәртіпке келтірсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК